

Е.М. Айтказин¹, Ж.Т. Мурзабекова²

¹*Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы*

²*Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек қ., Қырғыз Республикасы*
(aytkazin@mail.ru, murzabekova001@mail.ru)

Қазақстан Республикасындағы органикалық өнімдерді таңбалау жүйесінің дамуын заңнамалық қамтамасыз етудің сұрақтары

Аннотация. Ғылыми мақалада еліміздегі органикалық өнімдерді таңбалау қызметін реттейтін заңнамаға шолу жасалынып, отандық экологиялық сертификаттау және таңбалау жүйесінің дамуын заңнамалық қамтамасыз етілуіне баға берілген. Қазақстанда экологиялық таңбалау белгілерін қолданудың перспективалары мен маңыздылығы талқыланады.

Зерттеудің мақсаты еліміздегі органикалық өнімдерді таңбалау қызметін реттейтін заңнамаға шолу жасау, оның іс жүзінде қолданылуына баға беру, сонымен қатар, жалпы отандық экологиялық сертификаттау және таңбалау жүйесінің дамуын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін авторлар отандық органикалық өнімдерді таңбалау жүйесінің іс жүзінде жұмыс істеуінен көреді. Тиісінше, таңбалау жүйесінің толыққанды жұмыс істеуі жолындағы құқықтық мәселелер зерттеліп, заңнаманы жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылған.

Зерттеу әдістемесі заңнама мен заң әдебиеттеріне шолуды көздейді, ғалымдар мен сарапшылардың пікірлерін талдауды қамтиды, олардың негізінде авторлармен ұсыныстар беріледі. Талқыланып жатқан жаңа заң жобасын ескере отырып аталған жүйенің елімізде дамуына байланысты болжамдар жасалынған.

Түйінді сөздер: органикалық өнім, экология, экологиялық таңбалау, органикалық өнімдерді таңбалау, сертификаттау, гринвошинг, өндіруші, тұтынушы.

Е.М. Айтказин¹, Ж.Т. Мурзабекова²

¹*Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан*

²*Кыргызский национальный университет имени Жусупа Баласагына, г. Бишкек, Кыргызская Республика*
(aytkazin@mail.ru, murzabekova001@mail.ru)

Вопросы законодательного обеспечения развития системы маркировки органической продукции в Республике Казахстан

Аннотация. В статье представлен обзор действующего законодательства, регулирующих деятельность по маркировке органической продукции в Республике Казахстан, дана оценка законодательному обеспечению развития отечественной системы экологической сертификации и маркировки. Обсуждены перспективы и значимость применения знаков экологической маркировки в Казахстане.

Целью данного исследования является анализ законодательства, регулирующего деятельность по маркировке органической продукции, оценки ее практического применения, а также наличие возможностей и перспектив нормативного обеспечения развития отечественной системы экологической сертификации и маркировки в целом.

Актуальность темы исследования авторы видят в необходимости развития эффективной отечественной системы маркировки органических продуктов. Соответственно, изучаются правовые вопросы на пути полноценного функционирования системы маркировки, рассматриваются возможности совершенствования законодательства.

Методика исследования предусматривает обзор законодательства и юридической литературы, включает анализ мнений ученых и экспертов, на основе которых даны рекомендации авторами. С учетом обсуждаемого нового законопроекта сделаны прогнозы, связанные с развитием данной системы в стране.

Ключевые слова: органическая продукция, экология, экологическая маркировка, маркировка органической продукции, сертификация, гринвошинг, производитель, потребитель.

Y.M. Aytkazin¹, J.T. Murzabekova²

¹*Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan*

²*Kyrgyz National University named after Jusup Balasagyn, Bishkek, Kyrgyz Republic*
(aytkazin@mail.ru, murzabekova001@mail.ru)

Issues of legislative support for the development of the organic product labeling system in the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article provides an overview of the current legislation regulating the labeling of organic products in the Republic of Kazakhstan, and assesses the legislative support for the development of the domestic environmental

certification and labeling system. The prospects and importance of the use of environmental labeling signs in Kazakhstan were discussed.

The purpose of this study is to analyze the legislation regulating the labeling of organic products, assess its practical application, as well as the availability of opportunities and prospects for nominative support for the development of the domestic environmental certification and labeling system as a whole.

The authors see the relevance of the research topic in the need to develop an effective domestic labeling system for organic products. Accordingly, legal issues on the way to the full functioning of the labeling system are being studied, and possibilities for improving legislation are being considered.

The research methodology provides a review of legislation and legal literature, includes an analysis of the opinions of scientists and experts, on the basis of which recommendations are made by the authors. Taking into account the new draft law under discussion, forecasts have been made related to the development of this system in the country.

Key words: organic products, ecology, environmental labeling, labeling of organic products, certification, greenwashing, manufacturer, consumer.

Кіріспе. Тұрақты өндіріске көшу – бұл тұрақты дамудың негізгі мақсаттарының бірі. Мұндай мақсат 2015 жылдың қыркүйегінде өткен БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі саммитінде қойылған болатын [1]. Саммитке қатысушылармен тұрақты дамудың адамзат алдында тұрған экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі маңызды рөлі атап өтілді. Сатып алу туралы шешім қабылдаған кезде тауардың тұрақтылық факторы ескерілуі қажет, ал қызмет көрсетушіні тандағанда оның экологиялық жауапкершілігі маңызды рөлге шығуына қол жеткізілуі тиіс деген тоқтамға келген болатын.

Ал тұрақты дамудың негізгі элементтерінің бірі органикалық өнім өндіру, оны сертификаттау мен таңбалау болып табылатындығы белгілі. Органикалық өнімдерді таңбалау - бір қарағанда күрделі емес болып көрінгенімен, оны қарапайым жүйеге де жатқызуға болмайды, мұндай таңбалау түрлерінің әлеуметтік және экономикалық маңызы өте жоғары. Соңғы жылдары бизнестің экологиялық талаптарға деген қызығушылығы едәуір жоғарылаған, бұл тұтынушылар тарапынан экотауарлар мен экоқызметтерге деген сұраныстың арта бастауымен байланысты. Ал Қазақстанда мұндай таңбалаудың жеткілікті деңгейде бағасы берілмеген, таңбалау өндірушілер үшін тиімсіз көрінуде, тұтынушылар олардың мағынасын әлі де түсінбеуде.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, «Bio» және «Eco» таңбаларымен белгіленген өнімдер «органикалық» мәртебесіне ие өнімдер ретінде қарастырылады және

«Organic» таңбасымен сәйкестендіріледі. Мұндай өнімдерді таңбалау мен сертификаттау тәртібі органикалық өндіріс саласындағы арнайы құқықтық актілермен реттеледі. Аталған салада сертификаттау үдерісін үйлестіру міндеті Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығына жүктелген.

Сонымен қатар, Қазақстанда органикалық өнімдерді таңбалаудың құқықтық негіздері әлі де толыққанды зерттелмеген. Жалпы алғанда, экологиялық сертификаттау мен таңбалау жүйесіне қатысты теориялық-құқықтық базаның жеткіліксіздігі байқалады. Бұл өз кезегінде саланың тиімді реформалануы үшін қолданыстағы құқықтық нормаларды терең әрі кешенді зерделеуді, оларды жүйелеу мен саралауды қажет етеді.

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада органикалық өнімдерді таңбалау саласын құқықтық тұрғыдан реттейтін нормативтік-құқықтық базаны талдау, оның тәжірибелік қолданылу деңгейін бағалау, сондай-ақ Қазақстандағы экологиялық сертификаттау мен таңбалау жүйесінің құқықтық қамтамасыз етілу перспективаларын зерттеу мақсаты көзделеді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу объектісі органикалық өнімдерді таңбалауды реттеуге бағытталған отандық және халықаралық нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар мен ережелер болды. Зерттеу негізінен заңнаманы талдау әдісін қолдану арқылы жүргізілді. Экологиялық таңбалау мәселесіне қатысты зерттеу шеңберінде отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектеріне кешенді шолу жүргізілді. Зерттеу үдерісі қолданыстағы

заңнамалық актілерді талдаумен қатар, теориялық-методологиялық негіздер мен жүйелік талдау тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанда экологиялық таңбалау өзінің дамуын енді ғана бастағанына қарамастан, бүгінгі күнге өнімді өндіру, сапасын қадағалау және таңбалаудың тәртібін қарастыратын нормативті құжаттар жеткілікті. Ұлттық заңнама елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау және халықаралық стандарттармен үйлестіру мақсатында әрдайым жетілдіріліп келеді. Қазақстандағы органикалық өнімдер шет елдерге экспортқа шығарылуы үшін халықаралық талаптарға сәйкес таңбаланатынына қарамастан, ішкі нарықтағы ұлттық таңбалау жүйесінің де маңыздылығы және қажеттілігі соңғы жылдары арта бастаған.

Қазіргі кезеңде «сәйкестік» белгілерімен таңбаланған қазақстандық органикалық өнімдердің басым бөлігі экспортқа бағытталған. Ішкі нарықтың даму деңгейі әлі де төмен, дегенмен, бұл салада, әсіресе ірі қалаларда, айтарлықтай әлеует бар. Қазақстан үшін органикалық өндіріс тұжырымдамасы салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып табылады, сондықтан тұтынушылар арасында органикалық өндірістің қағидаттары, өнімнің артықшылықтары мен оны таңбалау тәртібі жөнінде ақпарат жеткіліксіз.

Органикалық өнімдерді таңбалауға қатысты нақты талаптар тікелей «Органикалық өнім өндіру туралы» заңда емес, осы салаға арналған ұлттық стандарттарда айқындалған. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқықтық нормаларына сәйкес, «Bio» және «Eco» таңбалары бар өнімдер «Organic» белгісімен сәйкестендіріліп, органикалық өнім ретінде қарастырылады. Мұндай өнімдерді таңбалау және сертификаттау рәсімдері органикалық өндіріс саласындағы арнайы заңнамалық актілер негізінде реттеледі.

Органикалық өнімді таңбалау жүйесін реттейтін заңнамаға жасалынған талдау негізінде және жүргізілген

зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып, мамандарының пікірлерін талқылау нәтижесінде отандық органикалық өнімдерді таңбалау жүйесіндегі келесідей мәселелер анықталды:

1) Қоғамда экологиялық таңбаларға деген сенімсіздік байқалады. Көпшілік органикалық, экологиялық және биологиялық өнімдерге әртүрлі талаптар бар екенін біле бермейді немесе түсінбейді. Заңдағы терминдердің анық тұжырымдамасы жоқ.

2) Гринвошинг әрекеттерімен қатысты мәселелер бар. Нарықтағы «жасыл» өнім белгілерін негізсіз таққан өнімдерді сату әрекеттері артқан.

3) Органикалық өнімдерді мемлекетке кіргізу немесе сату кезіндегі бақылау тетіктері жетілдіруді қажет етеді.

4) Талқыланып жатқан жаңа заң жобасына сәйкес органикалық өнімдерді емес, өндіріс процесін сертификаттау көзделінген. Осыған орай өндіріс процесін сертификаттау және таңбалау үшін қажет жаңа стандарттарды қабылдау керек болады.

Негізгі ережелер. 2015 жылдың 27 қарашасында «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының №423-V Заңы қабылданды [2]. Ол ауыл шаруашылығы және органикалық өнімдіерді өндірудің, өңдеудің, сертификаттаудың, таңбалаудың, тасымалдаудың және сақтаудың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

Аталған заң табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, халық денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ органикалық ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарының сапасын арттыруға кепілдік беру арқылы саланы мемлекеттік реттеу тетіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. «Органикалық өнім» ұғымына ауыл шаруашылығы өнімдері, аквамәдениет (балық шаруашылығы) саласындағы өнімдер, табиғи жағдайда өсетін жабайы өсімдіктерден алынатын өнімдер және оларды қайта өңдеу нәтижесінде алынған, қолданыстағы

заңнама талаптарына сәйкес өндірілген тағам өнімдері жатады.

Органикалық өнім өндіру кезінде өндірушілер технологиялық, зоотехникалық қажеттілік немесе диеталық мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат етілген тағамдық және жемшөп қоспаларын қолданудың талаптарын сақтауға міндетті. Заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келесі нормативті құжаттар әзірленді:

1. Органикалық өнім өндірушілердің тізілімін жүргізу ережесі [3].

2. Органикалық өнімдерді өндіру және айналым ережесі [4].

3. Органикалық өнім өнімдіру кезінде қолданылатын, рұқсат етілген құралдар тізімі [5].

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста болған үш стандарттың барлығының ағымдағы жылы күші жойылып, біреуінің орнына ҚР СТ 3111-2023 «Өнімдер органикалық. Өндіріс, қайта өңдеу, таңбалау және сату процесіне қойылатын талаптар» [6] қабылданды. «Био/Bio», «Эко/Eco» немесе «Органик/Organic» элементтері бар тауар белгісін тіркеу үшін органикалық өнімге тиісті сертификат ұсыну қажет. Сәйкестік сертификатымен расталатын органикалық өнім мен органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растаудың ерікті негізі бекітілген.

Бүгінгі күнде Қазақстанда тауарларды таңбалау ЕАЭО-да сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы Келісім [7], сондай-ақ «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [8] шеңберінде жүргізілуде. Бұл жалпы таңбалауға арналған нормативтерді қамтитын құжаттар.

Нақты органикалық өнімдерді таңбалауға келетін болсақ, оның шарттары «Органикалық өнім өндіру туралы» заңда емес, органикалық өндіріс стандартында бекітілген. Жоғарыда атап өткендей, қолданыста болған үш стандарттың 2024 жылы күші жойылып, біреуінің орнына ҚР СТ 3111-2023 «Өнімдер органикалық. Өндіріс, қайта өңдеу, таңбалау және сату

процесіне қойылатын талаптар» [6] қабылданды. Стандартқа сәйкес өнім ингредиенттерінің 95%-ы (өнімнің салмағына шаққандағы) жоғарысы табиғи болып табылатын өнім органикалық болып танылады, тиісінше, ұлттық органикалық сәйкестік белгісін қолдана алады. Органикалық өндіріске көшу процесі барысындағы өндірушілер өнімді «өтпелі органикалық өнім» деп те белгілей алады. Өтпелі кезең органикалық өндіріс ережелері енгізілетін кезең деп танылады, ол өсімдік өсіру мен мал шаруашылығындағы әртүрлі өндіріс түрлері үшін қолданылады.

Сәйкестік белгісі органикалық өнімнің талаптарға сәйкестігін растайтын нормативтік құжат негізінде беріледі және ол өндірушінің тауарлық белгісінің жанында немесе осы құжаттың белгісінің үстіңгі бөлігінде орналастырылуы тиіс. Егер органикалық өнімнің физикалық сипаттамаларына (мысалы, газ тәрізді, сұйық немесе сусымалы күйдегі материалдар мен заттар) байланысты сәйкестік белгісін тікелей өнімнің өзіне салу мүмкін болмаса, онда ол өнімнің ыдысына немесе қаптамасына түсірілуі қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, «Bio» және «Eco» белгілерімен таңбаланған өнімдер «Organic» белгісі бар өнімдермен тең дәрежеде қарастырылады және олардың таңбалануымен қатар сертификатталу рәсімдері органикалық өндіріс саласындағы арнайы заңнамалық актілермен реттеледі. Бұл саладағы сертификаттау үдерісін үйлестіру міндеті Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығына жүктелген.

Жалпы, халықаралық нарықта «natural» (табиғи), «origin green» (шығу тегі жасыл), «antibiotic free» (антибиотиксіз), «grassfed» (шөппен қоректенген) және тағыда басқа таңбаланған көптеген өнімдер бар, оларды кең мағынада «экологиялық» өнімдерге жатқызуға болады. Танымал «natural» термині әдетте олардың құрамында табиғи ингредиенттерді қолдану арқылы өндірілетін өнімдерге қолданылады. Алайда, аталған белгілерді

қолдану бұл өнімдерде химиялық заттар немесе синтетикалық ингредиенттер жоқ дегенді білдірмейді [9, 28-30 б.]. Экологиялық таңбалардың көптеген анықтамаларына қарамастан, осы тұжырымдамаға тән бірнеше жалпы белгілері бар, олар: таңбалаудың еріктілігі, тұтынушыны хабардар ету және экологиялық талаптарға сәйкестік. Дегенмен, ЭЫДҰ қолданатын анықтамада сауда саясаты контекстіндегі «функционалды немесе бәсекеге қабілетті ұқсас өнімдер» деген сілтеме де бар [10].

Айта кету керек, органикалық ауыл шаруашылығы дәстүрлі ауыл шаруашылығына қарағанда биоәртүрліліктің 30%-ға жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады екен. Мұндай көрсеткіш органикалық өнімді сертификаттау жергілікті жердегі биоәртүрліліктің артуы үшін қолайлы екенін дәлелдейді [11].

Қазақстандағы органикалық заттар бойынша негізгі экспорттық позициялар – бидай, зығыр тұқымдары, соя бұршақтары. FiBL және IFOAM рейтингтеріне сәйкес, 123 елдің ішінде Қазақстан органикалық өнім экспорты бойынша 9-орында, органикалық бидай экспорттаушы елдер арасында 4-орында, Еуропалық Одаққа органикалық майлы зығыр тұқымын экспорттау бойынша 6-орында тұр [12]. Экспортқа шығарылатын өнімдер I типті экологиялық таңбалау талаптарына сәйкес келетін импорттаушы елдердің таңба белгілерімен таңбаланған.

Тәжірибеде I типті экологиялық таңбалау ең жан-жақты, тәуелсіз және сенімді болып саналады. Дамыған елдердің көпшілігінде осы таңбалау талаптарына сай келетін өздерінің ұлттық экологиялық белгілері бар, мысалы: неміс «Der Blaue Engel» (Көк періште), скандинавиялық «Nordic Swan» (Солтүстік аққу), Еуропалық Одақтың «The European Ecolabel» (Еуропалық гүл). Сондай-ақ Канада, АҚШ, Жапония, Қытайда және басқа да әлемнің бірқатар елдерінде сәтті жұмыс істеп тұрған экологиялық стандарттар мен экологиялық таңбалау жүйелері бар. Сонымен қатар, дамушы елдерде де экологиялық таңбалау трендке айналды,

соңғы жылдары Үндістан, Вьетнамның секілді мемлекеттермен қатар Қазақстан да өзінің өнімнің бүкіл өмірлік циклі кезінде ISO 14024 стандарттарына сәйкес келуіне кепілдік беретін таңбасын бекітіп, GEN құрамына енді [13].

Дүниежүзілік экологиялық таңбалау қауымдастығы (ағылш. The Global Ecolabelling Network, GEN) - 1994 жылы құрылған, ұлттық экологиялық таңбалау ұйымдарын біріктіретін тәуелсіз халықаралық коммерциялық емес ұйым. GEN құрамына әлемнің әртүрлі елдерінде жұмыс істейтін I типті экологиялық таңбалау бағдарламалары (ISO 14024) кіреді. Оның мақсаты - экологиялық таңбалауды пайдалану туралы ақпаратты тарату мен олардың өзара танылуын қамтамасыз ету болып табылады [14].

2024 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы» заң жобасын ілеспе түзетулерімен екінші оқылымда қабылдады. Аталған заң жобасының негізгі мазмұны органикалық өнімдер өндірісіне кезең-кезеңімен көшу шарттарын, сондай-ақ мұндай өнімдерді өндіруге, олардың айналымына және таңбалануына қойылатын талаптарды айқындайды. Сонымен қатар, құжатта органикалық өнімдерді есепке алу мен қадағалаудың бірыңғай жүйесін құру және оларды өндірушілердің ресми тізілімін қалыптастыру қарастырылған. Депутаттар алдында баяндама жасаған жұмыс тобының жетекшісі Айдарбек Қожаназаровтың сөзінше өзгерістер органикалық өндірісті нарықтың сұранысына сәйкес сертификаттауға мүмкіндік береді. Бұл ретте сертификаттау объектілерінен органикалық өнімдер алынып тасталады, тек өндіріс процесі ғана сертификатталатын болады.

Ілеспе заң жобасында органикалық өнім өндірісін ынталандыру мақсатында бірқатар қаржылық және нормативтік шаралар көзделген. Атап айтқанда, сәйкестік сертификатын алу шығындарының 50 пайызын субсидиялау және органикалық тыңайтқыштарды

субсидиялау механизмі қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, жергілікті атқарушы органдардан бақылау функцияларын алып тастауға байланысты органикалық өнім өндіру саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік нормалары алынып тасталады. Алайда бұл органикалық өнім өндіру және оның айналымы саласында мемлекеттік бақылаудың мүлде жойылатынын білдірмейді – бұл қызмет түрі тиісті мемлекеттік органдардың құзыреті шеңберінде әрі қарай қадағаланатын болады. Оны сәйкестікті растау, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асыратын болады.

Айдарбек Қожаназаровтың пікірінше: «Органикалық өнімдерді сату кезінде де бақылаулар енгізіледі. Бұл өз кезегінде тұтынушылардың құқықтары мен халықтың денсаулығын қорғауға, «органикалық» деп сатылатын органикалық емес өнімдер айналымының жолын кесуге, отандық органикалық өнім өндірушілерді жалған таңбалауға байланысты импорттаушылар тарапынан жосықсыз бәсекелестіктен қорғауға көмектесетін болады» [15].

Ұйымдастырушылық және қаржылық шаралар түріндегі қолдаудың қажеттілігін сарапшы маман Р. Жазықбаева да атап өткен. Маманның пікірінше органикалық сертификаттау жан-жақты және қымбат процесс болып табылады, барлық өндірушілер сертификаттау шығындарын көтере алмайды. Топырақ пен суды және басқа ресурстарды сынау нәтижелерін қоса алғанда, кәсіпорынның тарихы мен өндірістің ағымдағы ұйымы туралы егжей-тегжейлі құжаттама қажет. Сондықтан, Қазақстанда органикалық сертификаттау процесін бастау үшін бір заңнамалық база жеткіліксіз, онымен қоса бірқатар ұйымдастырушылық және қаржылық шаралар қажет. Осындай шаралар ретінде қазақстандық өндірушілер сертификаттау жөніндегі шығыстарға, сондай-ақ химиялық құралдар мен

стимуляторлардан бас тартуға байланысты өндіріс көлемі төмендеген өтпелі кезеңді қолдауға субсидиялар қарастырылуы тиіс. Бұдан басқа, мемлекет органикалық өндірушілердің қызметіне бақылау жүргізу үшін инспекторларды даярлау бойынша қолдау көрсетуі мүмкін [16].

Жалпы, өнеркәсіптік сектордағы экологиялық заңнама өндірістік процестер мен тұтыну модельдерінің үнемі дамуына байланысты күрделі бағыт болып саналады. Жергілікті экономикадан халықаралыққа шығу немесе ашық нарықтарға көшу, әлеуметтік желілер мен электрондық сауда арқылы өнімді сатудың жаңа технологиялық тәсілдері, сондай-ақ дамушы және дамыған экономикалардың тауарлары айналымындағы біржақтылықты болдырмауға қол жеткізу маңызды және күрделі тапсырмалар болып табылады. Сондықтан да, жергілікті әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдау үшін заңнаманы әрдайым жетілдіріп отыру қажет және мұндай өзгертулер халықаралық заңнамамен үйлесуі аса маңызды [17].

Қазақстандық органикалық өнім нарығын зерттеуге арнаған еңбектерінде Ш.Е. Альпеисова, Р.А. Қарабасов және Р.С. Беспасева ұлттық заңнамадағы терминдердің көптігі және олардың бағыттарының бұлыңғырлығы тұтынушыларды адастыратындығын атаған. Авторлардың пікірінше көпшілік органикалық, экологиялық және биологиялық өнімдерге әртүрлі талаптар бар екенін біле бермейді немесе түсінбейді. Бұл өз кезегінде тұтынушылардың көңіл-күйін әділетсіз манипуляциялауға негіз болуда және соның нәтижесінде органикалық өнімдерге деген теріс көзқарас қалыптасуы мүмкін [18].

Сондай-ақ, бүгінгі күнде органикалық өнімді сертификаттау және таңбалау жүйесінің дамуына кедергі болып отырған тағы бір жағымсыз тренд қарқын алуда. Ол нарықтағы «жасыл» өнім белгілерін негізсіз таққан өнімдерді сату әрекеттерінің артуы болып отыр. Мұндай әрекеттер әлемде «гринвошинг» (ағылш. greenwashing – «ағарту», «жасыл камуфляж») деп аталынып кеткен.

Бұл терминді 1986 жылы алғашқы рет қонақ үй бизнесіне қатысты зерттеуінде американдық эколог Джей Вестервильд қолданған. Сол кезде көптеген қонақүйлердің бөлмелерінде қоршаған ортаға бейім қонақтарды қонақүйде болған уақытында сүлгілер мен төсек жамылғыштарын ауыстырудан бас тартуға шақыратын тақтайшалар пайда бола бастады. Вестервильд өз мақаласында көп жағдайда бұл тәжірибенің табиғи ресурстарды сақтауға ешқандай қатысы жоқ екенін және тек шығындарды азайту құралы ретінде қызмет ететінін және нәтижесінде қонақүйдің пайдасын арттыратынын дәлелдеген [19].

Ұлттық аккредиттеу орталығының мамандары Қазақстанда гринвошинг (жалған экологиялық мәлімдеме) құбылысының кең етек жайып келе жатқанын атауда. Сертификаттаудан өтпеген немесе экологиялық тазалығы ғылыми негізде дәлелденбеген тауарлардың қаптамасына өндіруші компаниялар тарапынан «жасыл» сипаттағы жапсырмалардың (эко-белгілердің) қолданылу жағдайлары жиілеген [20].

Бұл әрекеттердің жағымсыз әсері біз ойлағаннан әлдеқайда көп болуы мүмкін. Е.В. Смирнованың пікірінше гринвошинг тек сатып алушыларды алдауы үшін ғана емес, сонымен қатар ол экологиялық таза тауарлардың беделіне нұқсан келтіруімен де қауіпті болып табылады [21]. Сондай-ақ, жалған экологиялық таңбалау әрекеттерінің спектрі күн өткен сайын кеңіп келеді. Сәйкестік белгілерімен негізсіз таңбалаудан басқа тауарлардың атауын, олардың қасиеттерін, сапасы мен құрамын, сондай-ақ шығу тәсіліне қатысты ақпараттарды бұрмалаулар көбейген [19].

Еуропада аталған әрекеттерге қарсы деректива қабылданып, онымен күрес Еуропалық Одақ деңгейінде басталып кеткені белгілі. Жаңадан қабылданған «Жасыл шағымдар туралы» Директиваға [22] сәйкес, компаниялар «жасыл» таңбаларды өз тауарларына тағуы үшін өнімдерінің қоршаған ортаға зиян келтірмейтінін ғылыми дәлелдеуі немесе тәуелсіз сараптама ұйымының тексеруінен өткізуі тиіс. Еурокомиссия өз ұсынысында

жаңа ережелерді сақтамайтын корпорацияларға жылдық табысының кемінде 4% көлемінде айыппұл салынуы мүмкін екенін атап көрсетеді.

Назар аударарлық тағы бір маңызды жайт – елімізде мемлекеттік сатып алу саласына қатысты жаңа заң қабылданғаны болып отыр [23]. Аталған құқықтық акт шеңберінде мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алу рәсімдеріне экологиялық талаптар енгізілуде. Бұл ретте экологиялық таза әдістермен өндірілген тауарлар, сондай-ақ экологиялық қауіпсіз жұмыстар мен қызметтер сатып алу барысында белгілі бір басымдықтарға ие болады деп болжануда. 2025 жылдың басынан бастап күшіне енетін заң нормаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жататын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің экологиялық қауіпсіздігін бағалау қажеттілігі өзектілікке ие болады. Осы орайда, экологиялық таңбалаумен расталған өнімдерге деген сұраныстың артуы күтілуде [24].

Қорытынды. Органикалық өнімді таңбалау органикалық өнімдер нарығын реттеудің кешенді жүйесінің ажырамас элементі болып табылады. Таңбалау жүйесі «органикалық» деп таңбаланған өнімдердің бекітілген талаптарға сай өндірілуіне, сондай-ақ тұтынушыларды өнімнің шығу тегі туралы жалған ақпараттан қорғауға кепілдік беруі тиіс. Экологиялық таңбалау тұтынушыларды өнімнің экологиялық ерекшеліктері, оны әзірлеу, өндіру және пайдалану процестері туралы ақпараттандыру құралы ретінде әрекет етеді.

Заңнамалық актілердегі терминдерге қатысты туындайтын түсініксіздіктерді жою қажет. Таңба белгілері мен қолданылатын ажыратушы терминдердің нақты әрі айқын анықтамасы органикалық өнімдер өндірісі мен айналымын реттейтін негізгі заңда көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда айтылғандай, гринвошинг әрекеттерінің ұлғаюы жағдайында органикалық өнімдерге арналған сәйкестік сертификаттарын алу қазақстандық өндірушілер үшін айтарлықтай артықшылықтар бермейді, өйткені тұтынушылар көбінесе таңба белгілерінің

шынайылығын анықтай алмайды. Осы себептен, экологиялық таңбалауға деген сенім төмендеп, оның тиімділігіне күмән тудырады. Сонымен қатар, Қазақстанда және Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберінде «жасыл» өндірушілердің ортақ тізімі жоқ. Мемлекеттік органдар да бұл мәселеге қатысты тиімді бақылау жүргізе алмайды, себебі экологиялық таңбалаудың сәйкестігін тексеру немесе бақылау міндеті ешбір мемлекеттік органға жүктелмеген.

Осы мәселелерді шешу үшін, Қазақстанда ортақ «жасыл» компаниялар тізімін қамтитын арнайы база құрылуы тиіс. Сонымен қатар, таңбалаудың сәйкестігін тексеріп, бақылауды жүзеге асыратын жауапты субъектілер анықталуы керек. Мұндай субъектілерге уәкілетті мемлекеттік органдар, аккредиттелген зертханалар мен тәуелсіз сараптамалық ұйымдар жатады. Олар экотанбалау талаптарының орындалуын қадағалап, өнімдердің экологиялық стандарттарға сәйкестігін бағалауға міндетті. Бақылау жүйесінің ашықтығы мен есептілігі экотанбалауға деген қоғамдық сенімді арттыруы тиіс.

Гринвошингке қарсы тұру мақсатында кешенді шаралар жоспары

қабылдануы қажет. Бұл жоспар экологиялық мәлімдемелердің шынайылығын тексеру, стандарттарды қатаңдату, экотанбалау жүйесін жетілдіру және қоғамдық бақылауды күшейту секілді бағыттарды қамтуы тиіс. Сондай-ақ, заңнамалық реттеу, айқын анықтамалар мен жауапкершілік механизмдерін енгізу маңызды. Білім беру мен ақпараттандыру арқылы тұтынушылардың экологиялық санасын арттыру – гринвошингті азайтудың маңызды бөлігі болып табылады. Мұндай кешенді амалдар нарықтағы адал бәсекелестік пен тұрақты дамуға жол ашады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның қабылдануы да маңызды қадам болып табылады. Бұл заңда көзделген экологиялық талаптардың енгізілуі экологиялық таңбалауға деген сұранысты арттыруға ықпал етуі тиіс. Бүгінде отандық мемлекеттік сатып алу мен экологиялық таңбалау жүйелері арасында тығыз байланыс қалыптасып отыр. Егер бір жүйе дұрыс жұмыс істемесе, мысалы, экологиялық таңбалау саласында пайда болған олқылықтар «Тұрақты мемлекеттік сатып алу» және «Жасыл» мемлекеттік сатып алу институттарын енгізу процесінің сәтсіз болуына әкеп соғуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. Resolution adopted by the General Assembly on 25 September 2015, 21.10.2015 – [Electronic resource] – Access mode: https://www.un.org/en/development/desa/population/migration/generalassembly/docs/globalcompact/A_RES_70_1_E.pdf (date of application: 18.02.2025)
2. «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V Заңы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423> (жүгінген күні: 20.02.2025)
3. «Органикалық өнім өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 1-3/1102 бұйрығы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012890> (жүгінген күні: 20.02.2025)
4. «Органикалық өнім өндіру мен оның айналымы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 230 бұйрығы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020277> (жүгінген күні: 25.02.2025)
5. «Органикалық өнім өндіру кезінде қолданылатын, рұқсат етілген құралдар тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 231 бұйрығы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013836> (жүгінген күні: 25.02.2025)
6. СТ РК 3111-2023 «Продукция органическая. Требования к процессу производства, переработке, маркировке и реализации» – [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38691665&pos=3;-108#pos=3;-108 (дата обращения: 28.02.2025)
7. Соглашение о маркировке товаров средствами идентификации в Евразийском экономическом союзе (г. Алматы, 2 февраля 2018 года) – [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36914263 (дата обращения: 28.02.2025)

8. «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Заңы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544> (жүгінген күні: 05.03.2025)
9. Климов Е.В. Обзор законодательства по сертификации групп малых и средних органических сельхозпроизводителей центральной Азии. – Алматы: KAZFOAM, 2021. – 48 с.
10. Корятова В.С., Замотин А.Н. Применение экологических маркировок в рамках существующих правил международной торговли и перспективы использования экомаркировок в России // Торговая политика. – 2016. – №1 (5). – С. 9-30
11. Hélias A., van der Werf H.M.G., Soler L.G. et al. Implementing environmental labelling of food products in France // Int J Life Cycle Assess. – 2022. – №27. – Pages 926-931
12. Қазақстанда органикалық өнімді дамыту бойынша кеңес, 20.01.2023 – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://primeminister.kz/news/serik-zhumangarin-kazakstanda-organikalyk-onimdi-damytu-boyyynsha-kenes-otkizdi-200240> (жүгінген күні: 12.03.2025).
13. Как экологическая сертификация и экомаркировка помогают окружающей среде, обществу и бизнесу // Окружающая среда Санкт-Петербурга, 01.09.2018 – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://ecounion.ru/press/kak-ekologicheskaya-sertifikaciya-i-ekomarkirovka-pomogayut-okruzhayushhej-srede-obshhestvu-i-biznesu/> (дата обращения: 12.03.2025).
14. Всемирная ассоциация экомаркировок. Википедия, 26.11.2022 – [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D1%81%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%BD%D0%B0%D1%8F%D0%B0%D1%81%D1%81%D0%BE%D1%86%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F_%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D1%80%D0%BA%D0%B8%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%BA%D0%B8#:~:text=%D0%92%20GEN%20%D1%82%D0%B0%D0%BA%D0%B6%D0%B5%20%D0%B2%D1%85%D0%BE%D0%B4%D1%8F%D1%82%20%D1%82%D0%B0%D0%BA%D0%B8%D0%B5_%D0%AF%D0%BF%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D0%B8%2C%20%D0%9A%D0%B8%D1%82%D0%B0%D1%8F%20%D0%B8%20%D0%B4%D1%80%D1%83%D0%B3%D0%B8%D1%85%20%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD (дата обращения: 15.03.2025).
15. Мәжіліс «Органикалық өнімдерді өндіру және оның айналымы туралы» заңды екінші оқылымда қабылдады, 27.03.2024 – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.parlam.kz/kk/mazhilis/news-details/id52225/1/15> (жүгінген күні: 15.03.2025).
16. Жазықбаева Р. Регулирование производства, маркировки и сертификации органических продуктов в законодательстве Республики Казахстан, 18.02.2023 – [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38038402&pos=5;-108#pos=5;-108 (дата обращения: 25.03.2025).
17. Kyriakopoulos L.G. Environmental Legislation in European and International Contexts: Legal Practices and Social Planning toward the Circular Economy // Laws. – 2021. – № 10 (3). – Pages 2-10
18. Альпенсова Ш.Е., Қарабасов Р.А., Беспасова Р.С. Қазақстандық органикалық өнім нарығы: бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мәселелері // Аграрлық нарық проблемалары. – 2022. – № 4. – 78-85 б.
19. Кротов К.С. Юридическая ответственность за ложную эко-маркировку в России и зарубежных странах // Гуманитарные и юридические исследования. – 2018. – №1. – С. 159-164
20. Переход к экосертификации продуктов в РК затрудняет высокая стоимость органического сельского хозяйства // Бизнес-Мир Казахстана. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://businessmir.kz/2023/01/31/perehod-k-ekosertifikatsii-produktov-v-rk/> (дата обращения: 28.03.2025).
21. Смирнова Е.В. Гринвошинг // Безопасность в техносфере. – 2011. – №5. – С. 31-35
22. Directive of the European Parliament and of the council on substantiation and communication of explicit environmental claims (Green Claims Directive), 28.03.2023 – [Electronic resource] – Access mode: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=COM%3A2023%3A0166%3AFIN> (date of application: 28.03.2025)
23. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33291580&pos=3;-108#pos=3;-108 (жүгінген күні: 02.04.2025)
24. Ибрагимова Ф.Г., Айтказин Е.М. Қазақстан Республикасындағы «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамсыз етудің өзекті сұрақтары // Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы. – 2023. – №3 (29). – 18-28 б.

References

1. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. Resolution adopted by the General Assembly on 25 September 2015, 21.10.2015 – [Electronic resource] – Access mode: https://www.un.org/en/development/desa/population/migration/generalassembly/docs/globalcompact/A_RES_70_1_E.pdf (date of application: 18.02.2025)
2. «Organikalyk onim ondiru turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 27 karashadagy № 423-V Zany – [Jelektrondy resurs] – Ajnalyz rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423> (zhygingen kyni: 20.02.2025)

3. «Organikalyk onim ondirushilderdin tizilimin zhyrgizu kagidalaryn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Auyly sharuashylygy ministrinin 2015 zhylygy 18 zheltoksandagy № 1-3/1102 byjrygy – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhim: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012890> (zhygingen kyni: 20.02.2025)
4. «Organikalyk onim ondiru men onyn ajnalymy kagidalaryn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Auyly sharuashylygy ministrinin 2016 zhylygy 23 mamyrdagy № 230 byjrygy – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhim: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020277> (zhygingen kyni: 25.02.2025)
5. «Organikalyk onim ondiru kezinde koldanylatyn, ryksat etilgen kyraldar tizimin bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Auyly sharuashylygy ministrinin 2016 zhylygy 23 mamyrdagy № 231 byjrygy – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhim: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013836> (zhygingen kyni: 25.02.2025)
6. ST RK 3111-2023 «Produkcija organicheskaja. Trebovaniya k processu proizvodstva, pererabotke, markirovke i realizacii» – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38691665&pos=3;-108#pos=3;-108 (data obrashheniya: 28.02.2025)
7. Soglasenie o markirovke tovarov sredstvami identifikacii v Evrazijskom jekonomicheskom sojuze (g. Almaty, 2 fevralja 2018 goda) – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36914263 (data obrashheniya: 28.02.2025)
8. «Sauda kyzmetin retteu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2004 zhylygy 12 sauirdegi N 544 Zany – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhim: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544> (zhygingen kyni: 05.03.2025)
9. Klimov E.V. Obzor zakonodatel'stva po sertifikacii grupp malyh i srednih organicheskikh sel'hozproizvoditelej central'noj Azii. – Almaty: KAZFOAM, 2021. – 48 s.
10. Korytova V.S., Zamotin A.N. Primenenie jekologicheskikh markirovok v ramkah sushhestvujushhih pravil mezhdunarodnoj trgovli i perspektivy ispol'zovaniya jekomarkirovok v Rossii // Torgovaja politika. – 2016. – №1 (5). – S. 9-30
11. Hélias A., van der Werf H.M.G., Soler L.G. et al. Implementing environmental labelling of food products in France // Int J Life Cycle Assess. – 2022. – №27. – Pages 926-931
12. Kazakstanda organikalyk onimdi damytu boyynsha kenes, 20.01.2023 – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhim: <https://primeminister.kz/news/serik-zhumangarin-kazakstanda-organikalyk-onimdi-damytu-boyynsha-kenes-otkizdi-200240> (zhygingen kyni: 12.03.2025).
13. Kak jekologicheskaja sertifikacija i jekomarkirovka pomogajut okruzhajushhej srede, obshhestvu i biznesu // Okruzhajushhaja sreda Sankt-Peterburga, 01.09.2018 – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://ecounion.ru/press/kak-ekologicheskaya-sertifikacziya-i-ekomarkirovka-pomogayut-okruzhayushhej-srede-obshhestvu-i-biznesu/> (data obrashheniya: 12.03.2025).
14. Vsemirnaja associacija jekomarkirovki. Vikipediya, 26.11.2022 – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D1%81%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%80%D0%BD%D0%B0%D1%8F_%D0%B0%D1%81%D1%81%D0%BE%D1%86%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F_%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D1%80%D0%BA%D0%B8%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%BA%D0%B8#:~:text=%D0%92%20GEN%D0%92%D1%82%D0%B0%D0%BA%D0%B6%D0%B5%20%D0%B2%D1%85%D0%BE%D0%B4%D1%8F%D1%82%20%D1%82%D0%B0%D0%BA%D0%B8%D0%B5,%D0%AF%D0%BF%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D0%B8%2C%20%D0%9A%D0%B8%D1%82%D0%B0%D1%8F%20%D0%B8%20%D0%B4%D1%80%D1%83%D0%B3%D0%B8%D1%85%20%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD (data obrashheniya: 15.03.2025).
15. Mazhilis «Organikalyk onimderdi ondiru zhane onyn ajnalymy turaly» zandy ekinshi okylymda kabyldady, 27.03.2024 – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhim: <https://www.parlam.kz/kk/mazhilis/news-details/id52225/1/15> (zhygingen kyni: 15.03.2025).
16. Zhazykbaeva R. Regulirovanie proizvodstva, markirovki i sertifikacii organicheskikh produktov v zakonodatel'stve Respubliki Kazahstan, 18.02.2023 – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38038402&pos=5;-108#pos=5;-108 (data obrashheniya: 25.03.2025).
17. Kyriakopoulos L.G. Environmental Legislation in European and International Contexts: Legal Practices and Social Planning toward the Circular Economy // Laws. – 2021. – № 10 (3). – Pages 2-10
18. Al'peisova Sh.E., Karabasov R.A., Bespaeva R.S. Kazakstandyk organikalyk onim narygy: basekege kabilettilikti kamtamasyz etu maseleleri // Agrarlyk naryk problemalary. – 2022. – № 4. – 78-85 b.
19. Krotov K.S. Juridicheskaja otvetstvennost' za lozhnuju jeko-markirovku v Rossii i zarubezhnyh stranah // Gumanitarnye i juridicheskie issledovaniya. – 2018. – №1. – S. 159-164
20. Perehod k jekosertifikacii produktov v RK zatrudnjaet vysokaja stoimost' organicheskogo sel'skogo hozjajstva // Biznes-Mir Kazahstana. – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <https://businessmir.kz/2023/01/31/perehod-k-ekosertifikatsii-produktov-v-rk/> (data obrashheniya: 28.03.2025).
21. Smirnova E.V. Grinvoshing // Bezopasnost' v tehnosfere. – 2011. – №5. – S. 31-35
22. Directive of the European Parliament and of the council on substantiation and communication of explicit environmental claims (Green Claims Directive), 28.03.2023 – [Electronic resource] – Access mode: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=COM%3A2023%3A0166%3AFIN> (date of application: 28.03.2025)
23. «Memlekettik satyp alu turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2024 zhylygy 1 shildedegi № 106-VIII Zany – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhim: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33291580&pos=3;-108#pos=3;-108 (zhygingen kyni: 02.04.2025)

24. Ibragimova F.G., Ajtkazin E.M. Kazakstan Respublikasyndagy «zhasyıl» memlekettik satyp alu institutynyn damuyn zannamalyk kamtamsyz etudin ozekti syraktary // Kykyk korgau organdary akademijasynyn zharshysy. – 2023. – №3 (29). – 18-28 b.

Авторлар туралы мәліметтер / Информация об авторах / Information about authors

Ерлан Майданулы Айтказин – Alikhan Bokeikhan University докторанты, құқық магистрі, 87753993528, aytkazin1805@mail.ru.

Айтказин Ерлан Майданулы – Докторант Alikhan Bokeikhan University, магистр права, 87753993528, aytkazin1805@mail.ru.

Aytkazın Yerlan Maydanuly – Doctoral student of Alikhan Bokeikhan University, Master of Law, 87753993528, aytkazin1805@mail.ru.

Мурзабекова Жыпар Таавалдиевна – Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті Заң институтының азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, murzabekova001@mail.ru.

Мурзабекова Жыпар Таавалдиевна – профессор кафедры гражданского и трудового права Юридического института Кыргызского национального университета имени Ж. Баласагына, доктор юридических наук, murzabekova001@mail.ru.

Murzabekova Jypar Taavaldievna - Professor of the Department of Civil and Labor Law of the Legal Institute of the Kyrgyz National University named after J. Balasagyn, Doctor of Laws, murzabekova001@mail.ru.